Принтерді желіге қосқаннан кейін пайдалану қажет құрылғыдан (компьютер, смарт құрылғы, планшет және т.б.) принтерді қосыңыз.

Статикалық IP мекенжайын пайдалану үшін кеңейтілген желі реттеулерін жасаңыз.

Қатысты ақпарат


- ➔ [“Wi-Fi параметрлерін SSID және құпия сөзді енгізу арқылы жасау” бетте 43](#)
- ➔ [“Түймені басу арқылы қауіпсіз реттеу \(WPS\) мүмкіндігі арқылы Wi-Fi реттеулерін жасау” бетте 44](#)
- ➔ [“PIN кодын орнату \(WPS\) арқылы Wi-Fi реттеулерін жасау” бетте 46](#)
- ➔ [“Wi-Fi Direct \(қарапайым AP\) қосылымының реттеулерін жасау” бетте 46](#)
- ➔ [“Желілік ортадағы хабар” бетте 55](#)



Wi-Fi параметрлерін SSID және құпия сөзді енгізу арқылы жасау

Сымсыз маршрутизаторды принтердің басқару тақтасынан қосу қажет ақпаратты енгізу арқылы Wi-Fi желісін орнатуға болады. Осы әдістің көмегімен орнату үшін сымсыз маршрутизаторға арналған SSID және құпия сөз қажет.

Ескертпе:

Егер сымсыз маршрутизаторды оның әдепкі параметрлерімен пайдаланып жатсаңыз, SSID және құпия сөз жапсырмада орналасады. Егер SSID және құпия сөзді білмесеңіз, сымсыз маршрутизатормен берілетін құжаттаманы қараңыз.



1. Негізгі экраннан  |  түймесін түртіңіз.
2. **Wi-Fi (Recommended)** түймесін түртіңіз.
Егер принтер Ethernet қосылымы арқылы бұрыннан қосылса, **Router** түймесін түртіңіз.

Желі параметрлері

3. **Start Setup** түймесін түртіңіз.

Егер желі қосылымы бұрыннан орнатылған болса, қосылым мәліметтері көрсетіледі. Параметрлерді өзгерту үшін **Change Settings** түймесін түртіңіз.

Егер принтер Ethernet қосылымы арқылы бұрыннан қосылса, **Change to Wi-Fi connection.** түймесін, содан соң хабарды растағаннан кейін **Yes** түймесін түртіңіз.

4. **Wi-Fi Setup Wizard** түймесін түртіңіз.

5. Сымсыз маршрутизаторға арналған SSID идентификаторын таңдаңыз.

Ескертпе:

Егер қосуға қажетті SSID идентификаторы принтердің басқару тақтасында көрсетілмесе, тізімді жаңарту үшін **Search Again** түймесін түртіңіз. Егер ол әлі де көрсетілмесе, **Enter Manually** түймесін түртіп, SSID идентификаторын қолмен енгізіңіз.

Егер желі атауын (SSID) білмесеңіз, сымсыз маршрутизатордың жапсырмасында жазылғанын ақпаратты тексеріңіз. Егер сымсыз маршрутизаторды оның әдепкі параметрлерімен пайдаланып жатсаңыз, жапсырмадағы SSID идентификаторын пайдаланыңыз. Егер ешқандай ақпаратты таба алмасаңыз, сымсыз маршрутизатормен берілетін құжаттаманы қараңыз.

6. **Enter Password** түймесін түртіп, құпия сөзді енгізіңіз.

Ескертпе:

Құпия сөз регистрдің есебінен болады.

Егер құпия сөзді білмесеңіз, сымсыз маршрутизатордың жапсырмасында жазылғанын ақпаратты тексеріңіз. Жапсырмада, құпия сөз «Network Key», «Wireless Password» және т.б. болып жазылған болуы мүмкін. Егер сымсыз маршрутизаторды оның әдепкі параметрлерімен пайдаланып жатсаңыз, жапсырмада жазылған құпия сөзді пайдаланыңыз.

7. Реттеуді аяқтағаннан кейін **Start Setup** түймесін түртіңіз.

8. Аяқтау үшін **OK** түймесін түртіңіз.

Ескертпе:

Егер қосылу сәтсіз аяқталса, A4 өлшеміндегі қарапайым қағазды салып, қосылымның есебін басып шығару үшін **Print Check Report** түймесін басыңыз.

9. Желі қосылымының параметрлері экранындағы **Close** түймесін түртіңіз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Таңбаларды енгізу” бетте 28](#)

➔ [“Желі қосылымының күйін тексеру” бетте 48](#)

➔ [“Желі реттеулерін жасау мүмкін болмағанда” бетте 240](#)

Түймені басу арқылы қауіпсіз реттеу (WPS) мүмкіндігі арқылы Wi-Fi реттеулерін жасау

Сымсыз маршрутизатордағы түймені басу арқылы Wi-Fi желісін автоматты түрде орната аласыз. Егер келесі шарттар орындалса, осы әдіс арқылы орната аласыз.



Сымсыз маршрутизатор WPS (Wi-Fi қорғалған орнату) үйлесімді.


Ағымдағы Wi-Fi байланысы сымсыз маршрутизатордағы түймені басу арқылы орнатылған.

Желі параметрлері

Ескертпе:

Түймені таба алмасаңыз немесе бағдарламалық құралдың көмегімен орнатсаңыз, сымсыз маршрутизатормен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.

1. Негізгі экраннан  |  түймесін түртіңіз.
2. **Wi-Fi (Recommended)** түймесін түртіңіз.
Принтер Ethernet арқылы жалғанып қойса, **Router** түймесін түртіңіз.
3. **Start Setup** түймесін түртіңіз.
Егер желі қосылымы бұрыннан орнатылған болса, қосылым мәліметтері көрсетіледі.
Параметрлерді өзгерту үшін **Change Settings** түймесін түртіңіз.
Принтер Ethernet арқылы жалғанып қойса, **Change to Wi-Fi connection.** түймесін түртіп, хабарды растаған соң **Yes** түймесін түртіңіз.
4. **Push Button Setup (WPS)** түймесін түртіңіз.
5. Сымсыз маршрутизатордағы [WPS] түймесін қауіпсіздік индикаторы жыпылықтағанша басып тұрыңыз.



Егер [WPS] түймесі қай жерде екенін білмесеңіз немесе сымсыз маршрутизаторда түймелер болмаса, мәліметтер алу үшін сымсыз маршрутизатормен берілетін құжаттаманы қараңыз.

6. **Start Setup** түймесін түртіңіз.
7. **Close** түймесін түртіңіз.
Егер **Close** түймесін түртіңіз, көрсетілген уақыттан кейін экран автоматты түрде жабылады.

Ескертпе:

Егер қосылым сәтсіз аяқталса, сымсыз маршрутизаторды қайта іске қосып, оны принтерге жақындатыңыз, содан соң әрекетті қайталаңыз. Егер ол әлі де жұмыс істемесе, желі қосылымының есебін басып шығарып, шешімді тексеріңіз.

8. Желі қосылымының параметрлері экранындағы **Close** түймесін түртіңіз.



Қатысты ақпарат

- ➔ [“Желі қосылымының күйін тексеру” бетте 48](#)
- ➔ [“Желі реттеулерін жасау мүмкін болмағанда” бетте 240](#)

Желі параметрлері

PIN кодын орнату (WPS) арқылы Wi-Fi реттеулерін жасау

PIN кодын пайдалану арқылы сымсыз маршрутизаторға автоматты түрде қосуға болады. Бұл әдісті сымсыз маршрутизаторда WPS (Wi-Fi қорғалған орнату) бар болғанда орнату үшін пайдалана аласыз. Сымсыз маршрутизаторға PIN кодын енгізу үшін компьютерді пайдаланыңыз.

- Негізгі экраннан  |  түймесін түртіңіз.
- Wi-Fi (Recommended)** түймесін түртіңіз.
Егер принтер Ethernet арқылы жалғанып қойса, **Router** түймесін түртіңіз.
- Start Setup** түймесін түртіңіз.
Егер желі қосылымы бұрыннан орнатылған болса, қосылым мәліметтері көрсетіледі. Параметрлерді өзгерту үшін **Change Settings** түймесін түртіңіз.
Принтер Ethernet арқылы жалғанып қойса, **Change to Wi-Fi connection.** түймесін түртіп, хабарды растаған соң **Yes** түймесін түртіңіз.
- Others > PIN Code Setup (WPS)** түймесін түртіңіз.
- Принтердің басқару тақтасында көрсетілетін PIN кодын (сегіз цифрлық сан) сымсыз маршрутизаторға екі минут ішінде енгізу үшін компьютерді пайдаланыңыз.
Ескертпе:
PIN кодын енгізу туралы мәліметтер алу үшін, сымсыз маршрутизатормен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.
- Принтердің басқару тақтасында **Start Setup** түймесін түртіңіз.
- Close** түймесін түртіңіз.
Егер **Close** түймесін түртіңіз, көрсетілген уақыттан кейін экран автоматты түрде жабылады.
Ескертпе:
Егер қосылым сәтсіз аяқталса, сымсыз маршрутизаторды қайта іске қосып, оны принтерге жақындатыңыз, содан соң әрекетті қайталаңыз. Егер ол әлі де жұмыс істемесе, қосылым есебін басып шығарып, шешімді тексеріңіз.
- Желі қосылымының параметрлері экранындағы **Close** түймесін түртіңіз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Желі қосылымының күйін тексеру” бетте 48](#)
- ➔ [“Желі реттеулерін жасау мүмкін болмағанда” бетте 240](#)

Wi-Fi Direct (қарапайым AP) қосылымының реттеулерін жасау

Бұл әдіс принтерді құрылғыға сымсыз маршрутизаторсыз тікелей қосуға мүмкіндік береді. Принтер сымсыз маршрутизатор ретінде жұмыс істейді.

- Негізгі экраннан  |  түймесін түртіңіз.

Желі параметрлері

2. **Wi-Fi Direct** түймесін түртіңіз.
3. **Start Setup** түймесін түртіңіз.
Егер Wi-Fi Direct (қарапайым AP) реттеулерін жасасаңыз, толық қосылым ақпараты көрсетіледі. 5-қадамға өтіңіз.
4. **Start Setup** түймесін түртіңіз.
5. SSID параметрін және принтердің басқару тақтасында көрсетілетін құпия сөзді тексеріңіз.
Қосу үшін компьютердің желі қосылымы экранында немесе смарт құрылғының Wi-Fi экранында принтердің басқару тақтасында көрсетілетін SSID идентификаторын таңдаңыз.
6. Компьютерге немесе смарт құрылғыға принтердің басқару тақтасында көрсетілетін құпия сөзді енгізіңіз.
Ескертпе:
Wi-Fi Direct қызметін іске қосқан жағдайда, ол әдепкі желі параметрлерін қалпына келтіріп, Wi-Fi Direct қызметін ажыратқанша іске ұосұлы күйде қалады.
7. Қосылым орнатылғаннан кейін принтердің басқару тақтасындағы **OK** түймесін түртіңіз.
8. **Close** түймесін түртіңіз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Желі қосылымының күйін тексеру” бетте 48](#)
- ➔ [“Wi-Fi Direct \(қарапайым AP\) қызметінің параметрлерін өзгерту” бетте 58](#)
- ➔ [“Желі реттеулерін жасау мүмкін болмағанда” бетте 240](#)

Желінің қосымша параметрлерін орындау

Құрылғы атауын, TCP/IP реттеуін, прокси серверін және басқа бөлімдерді өзгертуге болады. Өзгертулер жасаудың алдында желі ортасын тексеріңіз.

1. Негізгі экраннан **Settings** түймесін түртіңіз.
2. **Advanced > Network Settings** түймесін түртіңіз.
3. Параметрлер үшін мәзір элементін таңдап, параметр мәндерін таңдаңыз немесе көрсетіңіз.
4. **Start Setup** түймесін түртіңіз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Кеңейтілген желі параметрлеріне арналған элементтерді орнату” бетте 47](#)

Кеңейтілген желі параметрлеріне арналған элементтерді орнату

Реттеулер үшін мәзір элементін таңдап, реттеу мәндерін таңдаңыз немесе көрсетіңіз.

Желі параметрлері

Device Name

Келесі таңбаларды енгізуге болады.

- Таңба шектеулері: 2 – 15 (кемінде 2 таңба енгізу қажет)
- Пайдалануға болатын таңбалар: A – Z, a – z, 0 – 9, -.
- Жоғарғы жақта пайдалануға болмайтын таңбалар: 0 – 9, -.
- Төменгі жақта пайдалануға болмайтын тақырыптар: -

TCP/IP

Auto

Сымсыз маршрутизаторды үйде пайдаланғанда немесе DHCP параметрі бойынша автоматты түрде алынуы тиіс IP мекенжайын таңдаңыз.

Manual

Өзгеруі тиіс принтердің IP мекенжайы қажет болмағанда таңдаңыз. IP Address, Subnet Mask және Default Gateway параметрі үшін мекенжайларды енгізіп, желі ортасына сәйкес DNS Server реттеулерін жасаңыз.

IP мекенжайын тағайындау параметрлері үшін **Auto** таңдасаңыз, DNS сервер параметрлерін **Manual** немесе **Auto** режимінен таңдауға болады. DNS сервер мекенжайын автоматты түрде ала алмасаңыз, **Manual** таңдап, бастапқы DNS сервері мен қосалқы DNS сервер мекенжайын тікелей енгізіңіз.

Proxy Server

Do Not Use

Принтерді үй желісінің ортасында пайдаланғанда таңдаңыз.

Use

Прокси серверді желі ортасында пайдаланғанда және оны принтерге орнату қажет болғанда таңдаңыз. Прокси серверінің мекенжайын және порт нөмірін енгізіңіз.

Желі қосылымының күйін тексеру

Желі қосылымы күйін келесі әдіспен тексеруге болады.

Желі белгішесі

Принтердің негізгі экранындағы желі белгішесі арқылы желі қосылымының күйін және радио толқынның күшін тексеруге болады.



Желі параметрлері

Қатысты ақпарат

➔ “СКД экранында көрсетілген белгішелер” бетте 23

Басқару тақтасынан егжей-тегжейлі желі ақпаратын қарап шығу

Принтер желіге қосылғанда, сондай-ақ тексеру қажет желі мәзірлерін таңдау арқылы басқа желіге қатысты ақпаратты көруге болады.

1. Негізгі экраннан **Settings** түймесін түртіңіз.
2. **Network Settings > Network Status** параметрін таңдаңыз.
3. Ақпаратты тексеру үшін тексеру қажет мәзірлерді таңдаңыз.
 - Wired LAN/Wi-Fi Status**
Ethernet немесе Wi-Fi қосылымдары үшін желі ақпаратын (құрылғы атауы, қосылым, сигнал күші, IP мекенжайын алу және тағы басқа) көрсетеді.
 - Wi-Fi Direct Status**
Wi-Fi Direct (қарапайым AP) қосылымдары үшін Wi-Fi Direct (қарапайым AP) қосылған немесе өшірілген екенін көрсетеді.
 - Print Status Sheet**
Желі күйі туралы парақты басып шығарады. Ethernet, Wi-Fi, Wi-Fi Direct (қарапайым AP) мүмкіндігіне арналған ақпарат пен басқа да мәліметтер екі немесе бірнеше бетте басып шығарылады.

Желі қосылымы есебін басып шығару

Принтер мен сымсыз маршрутизатор арасында күйді тексеру үшін желі қосылымы есебін басып шығаруға болады.

1. Қағаздарды жүктеңіз.
2. Негізгі экраннан **Settings** түймесін түртіңіз.
3. **Network Settings > Connection Check** түймесін түртіңіз.
Қосылым тексерісі басталады.
4. **Print Check Report** түймесін түртіңіз.
5. Желі қосылымы туралы есепті басып шығару үшін, принтердің терезесіндегі нұсқауларды орындаңыз.
Егер қате пайда болса, желі қосылымы есебін тексеріп, басып шығарылған шешімдерді орындаңыз.
6. **Close** түймесін түртіңіз.

Желі параметрлері

Қатысты ақпарат

➔ “Желі қосылымының есебіндегі хабарлар және шешімдер” бетте 50

Желі қосылымының есебіндегі хабарлар және шешімдер

Желі қосылымының есебіндегі хабарлар мен қате кодтарын тексеріп, шешімдерді орындаңыз.

Check Network Connection

Check Result FAIL

Error code (E-2)

See the Network Status and check if the Network Name (SSID) is the SSID you want to connect.
If the SSID is correct, make sure to enter the correct password and try again.

If your problems persist, see your documentation for help and networking tips.

Checked Items

Wireless Network Name (SSID) Check	FAIL
Communication Mode Check	Unchecked
Security Mode Check	Unchecked
MAC Address Filtering Check	Unchecked
Security Key/Password Check	Unchecked
IP Address Check	Unchecked
Detailed IP Setup Check	Unchecked

Network Status

Printer Name	EPSON XXXXXX
Printer Model	XX-XXX Series
IP Address	169.254.137.8
Subnet Mask	255.255.0.0
Default Gateway	
Network Name (SSID)	EpsonNet
Security	None
Signal Strength	Poor
MAC Address	F8:D0:27:40:C0:AC

а. Қате коды

ә. Желі ортасындағы хабарлар

Қатысты ақпарат

➔ “E-1” бетте 51

➔ “E-2, E-3, E-7” бетте 51

➔ “E-5” бетте 52

➔ “E-6” бетте 52

➔ “E-8” бетте 52

➔ “E-9” бетте 53

➔ “E-10” бетте 53

➔ “E-11” бетте 54

➔ “E-12” бетте 54

Желі параметрлері

- ➔ "E-13" бетте 55
- ➔ "Желілік ортадағы хабар" бетте 55

E-1

Шешімдер:

- Ethernet кабелінің принтерге, хабқа немесе басқа да желілік құрылғыға берік жалғанғандығына көз жеткізіңіз.
- Хаб немесе басқа да желілік құрылғының қосулы екендігіне көз жеткізіңіз.
- Егер принтерді Wi-Fi жүйесі арқылы қосу керек болса, принтер өшірулі болғандықтан, оның Wi-Fi параметрлерін қайта орнатыңыз.

E-2, E-3, E-7

Шешімдер:

- Сымсыз роутердің қосулы екендігіне көз жеткізіңіз.
- Компьютердің немесе құрылғының сымсыз роутерге дұрыс жалғанғандығын тексеріңіз.
- Сымсыз роутерді өшіріңіз. 10 секундтай күтіңіз, содан кейін қосыңыз.
- Принтерді сымсыз роутерге жақын орналастырыңыз және олардың арасындағы кедергілерді алып тастаңыз.
- Егер сіз SSID қолмен енгізген болсаңыз, орын дұрыс болғандығын тексеріңіз. Желі қосылымы туралы есептің **Network Status** бөліміндегі SSID идентификаторын тексеріңіз.
- Егер сымсыз роутерде бірнеше SSID идентификаторы болатын болса, көрсетілген SSID таңдаңыз. SSID үйлесімді емес жиілікті пайдаланса, ол принтерде көрсетілмейді.
- Желі қосылымын орнату үшін параметрлерді түйме арқылы орнатқан жағдайда, сымсыз роутер WPS стандартына қолдау көрсететіндігіне көз жеткізіңіз. Егер сымсыз роутер WPS стандартына қолдау көрсетпесе, параметрлерді түйме арқылы орнату мүмкін емес.
- SSID идентификаторында тек ASCII таңбаларының (әріптік-сандық таңбалар және белгілер) пайдаланылғандығына көз жеткізіңіз. Принтер ASCII таңбаларынан басқа таңбаларды қамтитын SSID идентификаторын көрсете алмайды.
- Сымсыз роутерге қосылмас бұрын, SSID идентификаторы мен құпиясөзді білетіндігіңізге көз жеткізіңіз. Егер сымсыз роутерді әдепкі параметрлерімен пайдалансаңыз, SSID идентификаторы мен құпиясөзді сымсыз роутердегі жапсырмадан таба аласыз. Егер сіз SSID идентификаторы мен құпиясөзді білмесеңіз, сымсыз роутерді орнатқан адамға хабарласыңыз немесе сымсыз роутермен берілген құжаттаманы қараңыз.
- Егер байланыстырушы смарт құрылғыда жасалған SSID идентификаторына қосылсаңыз, смарт құрылғымен берілген құжаттамадағы SSID идентификаторы мен құпиясөзді тексеріңіз.
- Егер Wi-Fi қосылымы кенеттен үзіліп кетсе, төмендегі жағдайларды тексеріңіз. Егер осы жағдайлардың біреуі орын алған болса, төмендегі веб-сайттан бағдарламалық жасақтаманы жүктеп алып, іске қосу арқылы желі параметрлерін қалпына келтіріңіз.
<http://epson.sn> > **Реттеу**
- Желіге параметрлерді түйме арқылы орнату жолымен тағы бір смарт құрылғы қосылды.
- Wi-Fi желісі түймені орнатудан басқа кез келген әдіспен орнатылды.

Желі параметрлері

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Компьютерге қосу” бетте 32](#)
- ➔ [“Принтерден Wi-Fi реттеулерін жасау” бетте 43](#)

E-5

Шешімдер:

Сымсыз роутердің қауіпсіздік түрі төмендегілердің біріне орнатылғандығын тексеріңіз. Егер олай болмаса, сымсыз роутердегі қауіпсіздік түрін өзгертіңіз, содан соң принтердің желі параметрлерін қалпына келтіріңіз.

- WEP-64 бит (40 бит)
- WEP-128 бит (104 бит)
- WPA PSK (TKIP/AES)*
- WPA2 PSK (TKIP/AES)*
- WPA (TKIP/AES)
- WPA2 (TKIP/AES)

* WPA PSK сондай-ақ WPA жеке режимі деп аталады. WPA2 PSK сондай-ақ WPA2 жеке режимі деп аталады.

E-6

Шешімдер:

- MAC мекенжайын сүзгілеудің өшірілгендігін тексеріңіз. Егер ол қосылған болса, принтердің MAC мекенжайын ол сүзгіленбейтіндей етіп тіркеңіз. Толық мәліметтерді сымсыз роутермен бірге берілген құжаттамадан қараңыз. Принтердің MAC мекенжайын желі қосылымы туралы есептегі **Network Status** бөлімінен тексеруге болады.
- Егер сымсыз роутер WEP қауіпсіздігімен ортақ аутентификацияны пайдаланатын болса, аутентификация кілті мен индексінің дұрыс екендігіне көз жеткізіңіз.
- Егер сымсыз роутердегі қосылатын құрылғылардың саны қосу керек желілік құрылғылар санынан аз болса, қосылатын құрылғылардың санын арттыру үшін сымсыз роутерде параметрлерді реттеңіз. Параметрлерді реттеу үшін сымсыз роутермен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Компьютерге қосу” бетте 32](#)

E-8

Шешімдер:

- Егер принтердің IP мекенжайын алу параметрі **Авто** болып орнатылған болса, сымсыз роутердегі DHCP протоколын қосыңыз.

Желі параметрлері

- ❑ Егер принтердің IP мекенжайын алу параметрі үшін «Қолмен басқару» опциясы орнатылса, сіз қолмен орнатқан IP мекенжайы ауқымнан тыс болғандықтан (мысалы: 0.0.0.0) жарамсыз болады. Принтердің басқару панелінен немесе Web Config тармағын пайдаланып жарамды IP мекенжайды орнатыңыз.

Қатысты ақпарат

➔ «Желінің қосымша параметрлерін орындау» бетте 47

E-9

Шешімдер:

Келесілерді тексеріңіз.

- ❑ Құрылғылар іске қосылған.
- ❑ Принтерге жалғағыңыз келетін құрылғылардан интернетке немесе бір желідегі компьютерлерге немесе желілік құрылғыларға қатынаса аласыз.

Жоғарыда берілгендерді растағаннан кейін де, принтер мен желілік құрылғылар әлі де қосылмаса, сымсыз роутерді өшіріңіз. 10 секундтай күтіңіз, содан кейін қосыңыз. Содан соң төмендегі веб-сайттан орнату құралын жүктеп алу және іске қосу арқылы желі параметрлерін қалпына келтіріңіз.

<http://epson.sn> > **Реттеу**

Қатысты ақпарат

➔ «Компьютерге қосу» бетте 32

E-10

Шешімдер:

Келесілерді тексеріңіз.

- ❑ Желідегі басқа құрылғылар іске қосылған.
- ❑ Принтердің IP мекенжайын алу параметрі үшін «Қолмен басқару» опциясы орнатылған болса, желі мекенжайлары (IP мекенжайы, ішкі желі маскасы және әдепкі шлюз) дұрыс болады.

Желі мекенжайлары дұрыс болмаса, оларды қалпына келтіріңіз. IP мекенжайын, ішкі желі маскасын және әдепкі шлюзды желі қосылымы туралы есептегі **Network Status** бөлімінен тексеруге болады.

Егер DHCP қосылуы болса, принтердің IP мекенжайын алу параметрін **Авто** етіп өзгертіңіз. Егер IP мекенжайын қолмен орнатқыңыз келсе, желі қосылымы туралы есептегі **Network Status** бөлімінен принтердің IP мекенжайын тексеріңіз және содан кейін желі параметрлері экранында «Қолмен басқару» опциясын таңдаңыз. Ішкі желі маскасын [255.255.255.0] етіп орнатыңыз.

Егер принтер мен желілік құрылғылар әлі де қосылмаса, сымсыз роутерді өшіріңіз. 10 секундтай күтіңіз, содан кейін қосыңыз.

Қатысты ақпарат

➔ «Желінің қосымша параметрлерін орындау» бетте 47

Желі параметрлері

➔ “Желі күйі парағын басып шығару” бетте 56

E-11

Шешімдер:

Келесілерді тексеріңіз.

- Принтердің TCP/IP орнату параметрі үшін «Қолмен басқару» опциясы орнатылса, әдепкі шлюз мекенжайы дұрыс болады.
- Әдепкі шлюз ретінде орнатылған құрылғы іске қосылған.

Дұрыс әдепкі шлюз мекенжайын орнатыңыз. Әдепкі шлюз мекенжайын желі қосылымы туралы есептегі **Network Status** бөлімінен тексеруге болады.

Қатысты ақпарат

- ➔ “Желінің қосымша параметрлерін орындау” бетте 47
- ➔ “Желі күйі парағын басып шығару” бетте 56

E-12

Шешімдер:

Келесілерді тексеріңіз.

- Желідегі басқа құрылғылар іске қосылған.
- Желі мекенжайларын (IP мекенжайы, ішкі желі маскасы және әдепкі шлюзді) қолмен орнатқан болсаңыз, олар дұрыс болады.
- Басқа құрылғылар үшін желі мекенжайлары (ішкі желі маскасы мен әдепкі шлюз) бірдей болады.
- IP мекенжайларды басқа құрылғыларға қайшы келмейді.

Жоғарыда көрсетілгендерді растағаннан кейін де, принтер мен желілік құрылғылар әлі де қосылмаса, төмендегі әрекетті орындап көріңіз.

- Сымсыз роутерді өшіріңіз. 10 секундтай күтіңіз, содан кейін қосыңыз.
- Орнату құралын пайдаланып, желі параметрлерін қайта реттеңіз. Оны төмендегі веб-сайттан іске қосуға болады.
<http://epson.sn> > **Реттеу**
- WEP қауіпсіздік түрін пайдаланатын сымсыз роутерде бірнеше құпиясөзді тіркеуге болады. Егер бірнеше құпия сөз тіркелген болса, принтерде бірінші тіркелген құпия сөздің орнатылғандығын тексеріңіз.

Қатысты ақпарат

- ➔ “Желінің қосымша параметрлерін орындау” бетте 47
- ➔ “Компьютерге қосу” бетте 32

Желі параметрлері

E-13

Шешімдер:

Келесілерді тексеріңіз.

- Сымсыз роутер, хаб және роутер сияқты желілік құрылғылар іске қосылған.
- Желі құрылғылары үшін TCP/IP орнату параметрі қолмен орнатылмаған. (Егер принтердің TCP/IP орнату параметрі автоматты түрде орнатылып, басқа желілік құрылғылардың TCP/IP орнату параметрі қолмен орнатылған болса, принтердің желісі басқа құрылғылардың желісінен өзгеше болуы мүмкін.)

Егер жоғарыда берілгендерді тексергеннен кейін де жұмыс істемесе, келесіні көріңіз.

- Сымсыз роутерді өшіріңіз. 10 секундтай күтіңіз, содан кейін қосыңыз.
- Принтермен бір желідегі компьютердің желі параметрлерін орнату шебері арқылы орнатыңыз. Оны төмендегі веб-сайттан іске қосуға болады.
<http://epson.sn> > **Реттеу**
- WEP қауіпсіздік түрін пайдаланатын сымсыз роутерде бірнеше құпиясөзді тіркеуге болады. Егер бірнеше құпия сөз тіркелген болса, принтерде бірінші тіркелген құпия сөздің орнатылғандығын тексеріңіз.

Қатысты ақпарат

- ➔ "Желінің қосымша параметрлерін орындау" бетте 47
- ➔ "Компьютерге қосу" бетте 32

Желілік ортадағы хабар

Хабар	Шешімі
*Multiple network names (SSID) that match your entered network name (SSID) have been detected. Confirm network name (SSID).	Бірнеше сымсыз роутерге бірдей SSID орнатылған болуы мүмкін. Сымсыз роутердегі параметрлерді тексеріп, SSID идентификаторын өзгертіңіз.
The Wi-Fi environment needs to be improved. Turn the wireless router off and then turn it on. If the connection does not improve, see the documentation for the wireless router.	Принтерді сымсыз роутерге жақынырақ жылжытып, олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастағаннан кейін, сымсыз роутерді іске қосыңыз. 10 секундтай күтіңіз, содан кейін қосыңыз. Ол әлі де қосылмаса, сымсыз роутермен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.
*No more devices can be connected. Disconnect one of the connected devices if you want to add another one.	Бір уақытта қосыла алатын компьютер мен смарт құрылғылар Wi-Fi Direct (Қарапайым AP) байланысында толығымен қосылған. Басқа компьютер немесе смарт құрылғыны қосу үшін алдымен қосылған құрылғылардың бірін ажыратыңыз. Бір уақытта қосуға болатын сымсыз құрылғылардың саны мен қосылған құрылғылардың санын желі күйі парағын немесе принтердің басқару панелін тексеру арқылы растауға болады.
The same SSID as Wi-Fi Direct exists in the environment. Change the Wi-Fi Direct SSID if you cannot connect a smart device to the printer.	Принтердің басқару панелінде Wi-Fi Direct орнату экранына өтіп, параметрді өзгерту үшін мәзірді таңдаңыз. Желі атауының DIRECT-XX- жазуынан кейінгі бөлігін өзгертуге болады. Ең көбі 32 таңба енгізіңіз.

Желі параметрлері

Желі күйі парағын басып шығару

Толық желі ақпаратын басып шығару арқылы оны тексеруге болады.

1. Қағаздарды салыңыз.
2. Негізгі экраннан **Settings** түймесін түртіңіз.
3. **Network Status > Network Settings** түймесін түртіңіз.
4. **Print Status Sheet** түймесін түртіңіз.
5. Хабарды тексеріп, желі күйі парағын басып шығарыңыз.
6. **Close** түймесін түртіңіз.

Жаңа сымсыз маршрутизаторларды қосу немесе ауыстыру

Сымсыз маршрутизатордың ауысуына байланысты SSID өзгерсе немесе сымсыз маршрутизатор қосылса және жаңа желілік орта орнатылса, Wi-Fi параметрлерін қайта орнатыңыз.

Қатысты ақпарат

➔ ["Компьютерге қосылу әдісін өзгерту" бетте 56](#)

Компьютерге қосылу әдісін өзгерту

Орнату құралын және қайта орнатуды басқа қосылым әдісінде пайдалану.

- Веб-сайттан орнату

Келесі веб-сайтқа кіріп, өнім атауын енгізіңіз. **Реттеу** бөліміне өтіп, орнатуды бастаңыз.

<http://epson.sn>

- Бағдарламалық құрал дискісі арқылы орнату (Windows бағдарламалық құрал дискісімен келетін және диск драйверлері бар пайдаланушыларға ғана арналған.)


Бағдарламалық құрал дискісін компьютерге салып, экрандық нұсқауларды орындаңыз.

Қосылым әдістерін өзгертуді таңдау

Экрандық нұсқауларды келесі экран көрсетілгенше орындаңыз.

Желі параметрлері

Бағдарламалық жасақтаманы орнату экранындағы **Принтер байланысын қайта орнатыңыз (жаңа желі роутерін пайдаланыңыз немесе USB-ді желіге өзгертіңіз, т.б.)** параметрін таңдап, **Сосын** түймесін басыңыз.




Принтердің басқару тақтасындағы Ethernet қосылымн өзгерту

Басқару тақтасынан сымсыз LAN қосылымын сыммен байланысқан LAN қосылымна өзгерту үшін төмендегі әдістерді орындаңыз.

1. Негізгі экраннан **Settings** түймесін түртіңіз.
2. **Network Settings > Wired LAN Setup** түймесін түртіңіз.
3. **Start Setup** түймесін түртіңіз.
4. Хабарды тексеріп, **OK** түймесін түртіңіз.
5. Принтерді маршрутизаторға Ethernet кабелі арқылы қосыңыз.

Wi-Fi Direct (қарапайым AP) қызметінің параметрлерін өзгерту

Wi-Fi Direct (қарапайым AP) қызметі іске қосылғанда, параметрлерді  > **Wi-Fi Direct** > **Change Settings** тармағынан өзгертуге болады, әрі содан кейін келесі мәзір элементтері көрсетіледі.

Элементті таңдау үшін, ▲ ▼ ◀ ▶ түймелерін пайдалану арқылы фокусты элементке жылжытып, OK түймесін басыңыз.

Change Network Name

Принтерді еркін атыңызға қосу үшін пайдаланылған Wi-Fi Direct (қарапайым AP) қызметінің желі атауын (SSID) өзгертіңіз. Басқару тақтасындағы бағдарламалық құралдың пернелер тақтасында көрсетілетін ASCII таңбаларында желі атауын (SSID) орнатуға болады.

Желі атауын (SSID) өзгерткен кезде, барлық қосылған құрылғылар ажыратылады. Егер құрылғыны қайта қосуды қаласаңыз, желі атауын (SSID) пайдаланыңыз.

Change Password

Принтерді еркін атыңызға қосу үшін Wi-Fi Direct (қарапайым AP) құпия сөзді өзгертіңіз. Басқару тақтасындағы бағдарламалық құралдың пернелер тақтасында көрсетілетін ASCII таңбаларында құпия сөзді орнатуға болады.

Құпия сөзді өзгерткен кезде, барлық қосылған құрылғылар ажыратылады. Егер құрылғыны қайта қосуды қаласаңыз, құпия сөзді пайдаланыңыз.

Disable Wi-Fi Direct

Принтердің Wi-Fi Direct (қарапайым AP) параметрлерін ажыратыңыз. Оны ажыратқан кезде, Wi-Fi Direct (қарапайым AP) қосылымындағы принтерге қосылған барлық құрылғылар ажыратылады.


Restore Default Settings

Барлық Wi-Fi Direct (қарапайым AP) параметрлерді өздерінің әдепкі күйіне қалпына келтіріңіз.

Принтерге сақталған смарт құрылғының Wi-Fi Direct (қарапайым AP) қосылымы туралы ақпарат жойылады.

Wi-Fi мүмкіндігін басқару тақтасынан өшіру

Wi-Fi мүмкіндігі өшірілгенде Wi-Fi қосылымы ажыратылады.

- Негізгі экраннан  түймесін түртіңіз.
- Wi-Fi (Recommended)** түймесін түртіңіз.
Желі күйі көрсетіледі.
- Change Settings** түймесін түртіңіз.
- Others** > **Disable Wi-Fi** түймесін түртіңіз.


Желі параметрлері

5. Хабарды тексеріп, **Start Setup** түймесін түртіңіз.
6. Аяқталу хабары көрсетілгенде **Close** түймесін түртіңіз.
Егер **Close** түймесін түртпесеңіз, көрсетілген уақыттан кейін экран автоматты түрде жабылады.
7. **Close** түймесін түртіңіз

Wi-Fi Direct (қарапайым AP) байланысын басқару тақтасынан ажырату

Ескертпе:

Wi-Fi Direct (қарапайым AP) қосылымы өшірілгенде, Wi-Fi Direct (қарапайым AP) қосылымындағы принтерге қосылған барлық компьютерлер мен смарт құрылғылар ажыратылады. Егер белгілі бір құрылғыны ажырату қажет болса, принтерден емес, құрылғыдан ажыратыңыз.

1. Негізгі экраннан  түймесін түртіңіз.
2. **Wi-Fi Direct** түймесін түртіңіз.
Wi-Fi Direct (қарапайым AP) ақпараты көрсетіледі.
3. **Change Settings** түймесін түртіңіз.
4. **Disable Wi-Fi Direct** түймесін түртіңіз.
5. Хабарды тексеріп, **Disable the settings** түймесін түртіңіз.
6. Аяқталу хабары көрсетілгенде **Close** түймесін түртіңіз.
Егер **Close** түймесін түртпесеңіз, көрсетілген уақыттан кейін экран автоматты түрде жабылады.
7. **Close** түймесін түртіңіз.

Желі параметрлерін басқару тақтасынан қалпына келтіру

Барлық желі параметрлерін әдеттегі мәндеріне қалпына келтіруге болады.

1. Негізгі экраннан **Settings** түймесін түртіңіз.
2. **Network Settings** > **Restore Default Settings** түймесін түртіңіз.
3. Хабарды тексеріп, **Yes** түймесін түртіңіз.
4. Аяқталу хабары көрсетілгенде **Close** түймесін түртіңіз.
Егер **Close** түймесін түртпесеңіз, көрсетілген уақыттан кейін экран автоматты түрде жабылады.

Желі параметрлері

Қатысты ақпарат

- ➔ “Компьютерге қосу” бетте 32
- ➔ “Принтерден Wi-Fi реттеулерін жасау” бетте 43


Қағазды салу

Қағазды пайдалану туралы сақтандырулар

- ❑ Қағазбен бірге берілген нұсқау парақтарын оқыңыз.
- ❑ Қағазды салмас бұрын шеттерін желпіп және тегістеп жіберіңіз. Фотоқағазды желпімеңіз немесе орамаңыз. Бұлай істеу басылатын жағын зақымдауы мүмкін.



- ❑ Егер қағаз бүктеліп қалса, салмас бұрын оны жазыңыз немесе оны сәл ғана қарсы бағытта бүктеңіз. Оралған қағазда басып шығару қағаз кептелістерін және басып шығарылған материалда жағылуды тудыруы мүмкін.



- ❑ Толқынды, жыртылған, кесілген, бүгілген, ылғалды, тым қалың, тым жұқа қағазды немесе жапсырмалар жабысқан қағазды пайдаланбаңыз. Бұл қағаз түрлерін пайдалану қағаз кептелістерін және басып шығарылған материалда жағылуды тудыруы мүмкін.
- ❑ Салмас бұрын хатқалталардың жиектерін желпіңіз және туралаңыз. Сақталған хатқалталар ауамен томпайса, салмас бұрын тегістеу үшін басыңыз.



- ❑ Оралған немесе бүгілген хатқалталарды пайдаланбаңыз. Бұл хатқалталарды пайдалану қағаз кептелістерін және басып шығарылған материалда жағылуды тудыруы мүмкін.
- ❑ Қанаттарында желімі бар хатқалталарды немесе терезесі бар хатқалталарды қолданбаңыз.
- ❑ Тым жұқа хатқалталарды пайдаланбауға тырысыңыз, себебі олар басып шығару барысында оралуы мүмкін.

Қағазды салу

Қатысты ақпарат

➔ “Принтердің техникалық сипаттамалары” бетте 263

Қолжетімді қағаз және сыйымдылықтар

Түпнұсқалы Epson қағазы

Epson компаниясы жоғары сапалы баспаға қол жеткізу үшін түпнұсқалы Epson қағазын пайдалануды ұсынады.

Ескертпе:

Қағаздың қолжетімді болуы орналасқан жеріне байланысты. Сіздің аймағыңызда қолжетімді қағаз туралы соңғы ақпарат үшін, Epson қолдау қызметіне хабарласыңыз.

Құжаттарды басып шығаруға үйлесімді қағаз

Баспа материалының атауы	Өлшемі	Жүктеу сыйымдылығы (парақтар)			2 жақты басып шығару* 1	Жиексіз басып шығару
		Қағаз кассетасы 1	Қағаз кассетасы 2	Артқы қағаз беру ұясы		
Epson Bright White Ink Jet Paper	A4	–	80*2	1	Автоматты, Қолмен	–

*1 2 жақты басып шығару мүмкіндігі артқы қағаз беру ұясы үшін қолжетімсіз.

*2 Қолмен 2 жақты басып шығару мақсатында бір жағы басылып қойылған қағаз үшін 30 параққа дейін жүктеуге болады.

Құжаттарды және фотосуреттерді басып шығаруға үйлесімді қағаз

Баспа материалының атауы	Өлшемі	Жүктеу сыйымдылығы (парақтар)			2 жақты басып шығару* 1	Жиексіз басып шығару* 2
		Қағаз кассетасы 1	Қағаз кассетасы 2	Артқы қағаз беру ұясы		
Epson Photo Quality Ink Jet Paper	A4	–	80	1	–	✓
Epson Double-sided Photo Quality Ink Jet Paper	A4	–	50*3	1	Автоматты, Қолмен	✓

Қағазды салу

Баспа материалының атауы	Өлшемі	Жүктеу сыйымдылығы (парақтар)			2 жақты басып шығару* 1	Жиексіз басып шығару* 2
		Қағаз кассетасы 1	Қағаз кассетасы 2	Артқы қағаз беру ұясы		
Epson Matte Paper-Heavyweight	A4	–	20	1	–	✓
Epson Double-Sided Matte Paper	A4	–	1	1	Автоматты, Қолмен	✓

*1 2 жақты басып шығару мүмкіндігі артқы қағаз беру ұясы үшін қолжетімсіз.

*2 Жиексіз басып шығару 2 жақты басып шығару үшін қолжетімсіз.

*3 Қолмен 2 жақты басып шығару мақсатында бір жағы басылып қойылған қағаз үшін 1 параққа дейін жүктеуге болады.

Фотосуреттерді басып шығаруға үйлесімді қағаз

Баспа материалының атауы	Өлшемі	Жүктеу сыйымдылығы (парақтар)			2 жақты басып шығару	Жиексіз басып шығару
		Қағаз кассетасы 1	Қағаз кассетасы 2	Артқы қағаз беру ұясы		
Epson Ultra Glossy Photo Paper	A4	–	20	1	–	✓
	10×15 см (4×6 дюйм), 13×18 см (5×7 дюйм)	20	20	1		
Epson Premium Glossy Photo Paper	A4	–	20	1	–	✓
	10×15 см (4×6 дюйм), 13×18 см (5×7 дюйм)	20	20	1		
	16:9 кең өлшемі (102×181 мм)					
Epson Premium Semigloss Photo Paper	A4	–	20	1	–	✓
	10×15 см (4×6 дюйм)	20	20	1		
Epson Photo Paper Glossy	A4	–	20	1	–	✓
	10×15 см (4×6 дюйм), 13×18 см (5×7 дюйм)	20	20	1		

Қағазды салу

Айырықша басқа қағаз түрлері

Баспа материалының атауы	Өлшемі	Жүктеу сыйымдылығы (парақтар)			2 жақты басып шығару	Жиексіз басып шығару
		Қағаз кассетасы 1	Қағаз кассетасы 2	Артқы қағаз беру ұясы		
Epson Iron-On Cool Peel Transfer Paper*1	A4	–	1	1	–	–
Epson Photo Stickers	A6	1	1	1	–	–

*1 Тек компьютерден басып шығаруға болады.

Қатысты ақпарат

➔ [“Бөлік аттары мен функциялары” бетте 19](#)

Коммерциялық қолжетімді қағаз

Қарапайым қағаздар

Баспа материалының атауы	Өлшемі	Жүктеу сыйымдылығы (парақтар)			2 жақты басып шығару*1	Жиексіз басып шығару
		Қағаз кассетасы 1	Қағаз кассетасы 2	Артқы қағаз беру ұясы		
Қарапайым қағаз*2	Letter, A4, B5, 16K (195×270 мм)	–	Жиек бағыттағы шындағы үшбұрыш таңбасы көрсеткен сызыққа дейін.*3	1	Автоматты , Қолмен	–
	A5	–		1	Қолмен	
	Legal*4, 8,5×13 дюйм	–	1	1	Қолмен	
	A6, B6	20	20	1	Қолмен	
	Пайдаланушы анықтаған (мм)*4	–	1*5	1	Қолмен	

*1 2 жақты басып шығару мүмкіндігі артқы қағаз беру ұясы үшін қолжетімсіз.

*2 артқы қағаз беру ұясы мүмкіндігін алдын ала тесілген қағазды салуға пайдаланыңыз.

*3 Қолмен 2 жақты басып шығару мақсатында бір жағы басылып қойылған қағаз үшін 30 параққа дейін жүктеуге болады.

Қағазды салу

*4 Тек компьютерден басып шығаруға болады.

*5 артқы қағаз беру ұясы мүмкіндігін A4 өлшемінен ұзын қағазды жүктеуге пайдаланыңыз.

Хатқалталар

Баспа материалының атауы	Өлшемі	Жүктеу сыйымдылығы (парақтар)			2 жақты басып шығару	Жиексіз басып шығару
		Қағаз кассетасы 1	Қағаз кассетасы 2	Артқы қағаз беру ұясы		
Хатқалта	Хатқалта № 10, Хатқалта DL, Хатқалта C6	–	10	1	–	–

Қатысты ақпарат

➔ ["Бөлік аттары мен функциялары" бетте 19](#)

Қағаз түрлерінің тізімі

Оңтайлы басып шығару нәтижесін алу үшін қағазға сәйкес келетін қағаз түрін таңдаңыз.


Баспа материалының атауы	Тасушы түрі	
	Басқару тақтасы	Принтер драйвері, смарт құрылғы*2
Epson Bright White Ink Jet Paper*1	Plain paper	қарапайым қағаздар
Epson Ultra Glossy Photo Paper*1	Ultra Glossy	Epson Ultra Glossy
Epson Premium Glossy Photo Paper*1	Prem. Glossy	Epson Premium Glossy
Epson Premium Semigloss Photo Paper*1	Prem. Semigloss	Epson Premium Semigloss
Epson Photo Paper Glossy*1	Glossy	Photo Paper Glossy
Epson Matte Paper-Heavyweight*1 Epson Double-Sided Matte Paper*1	Matte	Epson Matte
Epson Photo Quality Ink Jet Paper*1 Epson Double-sided Photo Quality Ink Jet Paper*1	Photo Quality IJ	Epson Photo Quality Ink Jet
Epson Iron-On Cool Peel Transfer Paper	Plain paper	қарапайым қағаздар
Epson Photo Stickers*1	Photo Stickers	Epson Photo Stickers
Қарапайым қағаз*1	Plain paper	қарапайым қағаздар
Хатқалта	Envelope	Хатқалта

Қағазды салу

- *1 Бұл қағаз түрлері принтер драйвері арқылы басып шығарғанда Exif Print және PRINT Image Matching жүйелерімен үйлесімді. Қосымша мәліметтер алу үшін Exif Print немесе PRINT Image Matching екеуімен сыйысымды сандық фотокамерамен бірге келген құжаттаманы қараңыз.
- *2 Смарт құрылғылар үшін бұл баспа материалы түрлерін Epson iPrint пайдаланып басып шығарғанда таңдауға болады.

Қағаз салынатын орын

Қағаз келесі қағаз көздерінің біріне салыңыз.



<p>①</p>	<p>Артқы қағаз беру ұясы</p>	<ul style="list-style-type: none"> ❑ Қолданылатын қағаздың барлық түрінен бір парақты салуға болады. ❑ Сондай-ақ, қалың қағаз (0,6 мм қалыңдыққа дейін) бен қағаз кассетасы ішіне салынбайтын тесіктері бар қағазды салуға болады. Дегенмен, қағаздардың қалыңдығы ауқымында болса да, кейбір қағаздар қаттылығына байланысты дұрыс берілмеуі мүмкін. ❑ Басқару тақтасында қағаз салу керектігі туралы хабар көрсетілгенде қағаз салыңыз.
<p>②</p>	<p>Қағаз кассетасы 1</p>	<ul style="list-style-type: none"> ❑ Кішкентай өлшемді фотосурет қағазының бірнеше парағын салуға болады. ❑ қағаз кассетасы 1 және қағаз кассетасы 2 құрылғысына бірдей қағаз салып, басып шығару параметрлерінде Cassette 1→2 параметрі Paper Source Setting параметрі ретінде таңдалса, қағаз кассетасы 1 науасында қағаз таусылғанда принтерді қағазды автоматты түрде қағаз кассетасы 2 науасынан береді.
<p>③</p>	<p>Қағаз кассетасы 2</p>	<p>Жиі пайдаланылатындықтан А4 өлшемді қарапайым қағазды жүктеуге болады.</p>


Қатысты ақпарат


➔ ["Қағазды Қағаз кассетасы 1 ішіне салу" бетте 67](#)

Қағазды салу


- ➔ "Қағазды Қағаз кассетасы 2 ішіне салу" бетте 70
- ➔ "Қағазды Артқы қағаз беру ұясы ішіне салу" бетте 75


Қағазды Қағаз кассетасы 1 ішіне салу


1. Егер шығыс науасы ұзартылса, оны жабу үшін  түймесін түртіңіз.
2. Басқару тақтасын көтеріңіз.



3. Алдыңғы қақпақты тық еткенше ашыңыз.



4. Принтер жұмыс істеп тұрмағанын тексеріңіз, одан кейін қағаз кассетасы 1 тартпаңыз. Қағаз кассетасы 1 ішінде туралау таңбасы  бар, бұл оңай орналастыруға көмектеседі.




Маңызды:


Егер қағаз кассетасы 1 принтер ішінде тым алыс болса, принтерді өшіріп қайта қосыңыз.

Қағазды салу



5. Жиек бағыттауыштарын өзінің максималды күйіне сырғытыңыз.



6. Алдыңғы жиек бағыттауышын пайдаланғыңыз келетін қағаз өлшеміне дейін сырғытыңыз.




7. Басып шығарылатын бет төмен қаратылған күйде қағазды алдыңғы жиек бағыттауышына қарсы бағыттап жүктеңіз.



Қағазды салу

Маңызды:

- ❑ Қағаздың кассета шетіндегі үшбұрыш белгісіне қарай кеңейтілгенін тексеріңіз.




- ❑ Қағазды көрсетілген парақтар санынан асыра салуға болады. Жиек бағыттағышындағы үшбұрыш таңбасы көрсеткен сызықтан асырып жүктемеңіз.




- ❑ қағаз кассетасы ішіне әртүрлі қағаз түрлерін салыңыз.

- ❑ Фотосурет жапсырмасының беті

Фотосурет стикерлерінің бір парағын салу үшін, жапсырмалармен берілген нұсқауларды орындаңыз. Осы өнімге төсем қағаздар салмаңыз.




8. Оң жақ шеткі бағытты қағаз шетіне сырғытыңыз.



Қағазды салу

9. қағаз кассетасы 1 салыңыз. Принтер мен науадағы туралау белгілерін көтеріңіз.



10. Басқару тақтасында көрсетілген қағаз өлшемі және қағаз түрі параметрлерін тексеріңіз. Параметрлерді пайдалану үшін **Close** түртіңіз. Параметрлерді өзгерту үшін, өзгерту қажет элементті түртіп, келесі қадамға өтіңіз.

Ескертпе:

- ❑ Қағаз өлшемі мен қағаз түрінің жиі қолданылатын тіркесімдерін таңдаулы ретінде тіркеу арқылы оларды әр уақыт реттеп отыру қажет емес. Тіркелген алдын ала реттеуді түрту арқылы қағаз параметрлерін реттеуге болады.

Алдын ала реттеуді тіркеу үшін, **Favorite Paper Settings** түймесін түртіңіз, келесі терезедегі > түймесін түртіп, қағаз өлшемі мен қағаз түрін көрсетіңіз.

- ❑ Келесі мәзірлерде **Paper Configuration** өшірілген болса, қағаз параметрі экраны көрсетілмейді. Мұндай жағдайда AirPrint параметрі арқылы iPhone немесе iPad құрылғысынан басы шығару мүмкін емес.

Settings > Printer Settings > Paper Source Setting > Paper Configuration

11. Параметрлерді тексеріп, содан кейін Close түймесін түртіңіз.

Ескертпе:

Шығыс науа басып шығару басталған кезде автоматты түрде сыртқа сырғиды. Басып шығару басталмас бұрын оны қолмен шығарып алуға болады.

Қатысты ақпарат


- ➔ "Қағазды пайдалану туралы сақтандырулар" бетте 61
- ➔ "Қолжетімді қағаз және сыйымдылықтар" бетте 62
- ➔ "Printer Settings параметріне арналған мәзір опциялары" бетте 196

Қағазды Қағаз кассетасы 2 ішіне салу


1. Егер шығыс науасы ұзартылса, оны жабу үшін  түймесін түртіңіз.

Қағазды салу


2. Басқару тақтасын көтеріңіз.




3. Алдыңғы қақпақты тық еткенше ашыңыз.



4. Принтер жұмыс істеп тұрмағанын тексеріңіз, одан кейін қағаз кассетасы 2 тартпаңыз.




5. Жиек бағыттауыштарын өзінің максималды күйіне сырғытыңыз.




Қағазды салу

6. Алдыңғы жиек бағыттаушыын пайдаланғыңыз келетін қағаз өлшеміне дейін сырғытыңыз.




7. Басып шығарылатын бет төмен қаратылған күйде қағазды алдыңғы жиек бағыттаушына қарсы бағыттап жүктеңіз.




Қағазды салу

! **Маңызды:**

- ❑ Қағаздың кассета шетіндегі үшбұрыш белгісіне қарай кеңейтілгенін тексеріңіз.




- ❑ Қағазды көрсетілген парақтар санынан асыра салуға болады. Қарапайым қағаз үшін жиек бағыттағышындағы үшбұрыш таңбасы көрсеткен сызықтан асырып жүктемеңіз.



- ❑ қағаз кассетасы ішіне әртүрлі қағаз түрлерін салыңыз.


- ❑ Хатқалталар




Қағазды салу

- ❑ Фотосурет жапсырмасының беті


Фотосурет стикерлерінің бір парағын салу үшін, жапсырмалармен берілген нұсқауларды орындаңыз. Осы өнімге төсем қағаздар салмаңыз.



8. Оң жақ шеткі бағытты қағаз шетіне сырғытыңыз.



9. қағаз кассетасы 2 барынша салыңыз.



Қағазды салу

10. Басқару тақтасында көрсетілген қағаз өлшемі және қағаз түрі параметрлерін тексеріңіз. Параметрлерді пайдалану үшін **Close** түртіңіз. Параметрлерді өзгерту үшін, өзгерту қажет элементті түртіп, келесі қадамға өтіңіз.

Ескертпе:

- ❑ Қағаз өлшемі мен қағаз түрінің жиі қолданылатын тіркесімдерін таңдаулы ретінде тіркеу арқылы оларды әр уақыт реттеп отыру қажет емес. Тіркеу алдын ала реттеуді түрту арқылы қағаз параметрлерін реттеуге болады.

Алдын ала реттеуді тіркеу үшін, **Favorite Paper Settings** түймесін түртіңіз, келесі терезедегі > түймесін түртіп, қағаз өлшемі мен қағаз түрін көрсетіңіз.

- ❑ Келесі мәзірлерде **Paper Configuration** өшірілген болса, қағаз параметрі экраны көрсетілмейді. Мұндай жағдайда iPhone параметрі арқылы iPad немесе AirPrint құрылғысынан басы шығару мүмкін емес.

Settings > Printer Settings > Paper Source Setting > Paper Configuration

11. Параметрлерді тексеріп, **Close** түймесін түртіңіз.

Ескертпе:

Шығыс науа басып шығару басталған кезде автоматты түрде сыртқа сырғиды. Басып шығару басталмас бұрын оны қолмен шығарып алуға болады.

Қатысты ақпарат

- ➔ “Қағазды пайдалану туралы сақтандырулар” бетте 61
- ➔ “Қолжетімді қағаз және сыйымдылықтар” бетте 62
- ➔ “Printer Settings параметріне арналған мәзір опциялары” бетте 196

Қағазды Артқы қағаз беру ұясы ішіне салу


Маңызды:

Принтер сұрамайынша артқы қағаз беру ұясы ішіне қағаз салмаңыз. Бұлай жасау нәтижесінде бос қағаз шығарылады.


1. Келесінің біреуін орындаңыз.
 - ❑ Басқару тақтасынан басып шығарған кезде: артқы қағаз беру ұясы науасын **Paper Source Setting** параметрі ретінде таңдаңыз, басқа басып шығару параметрлерін орнатыңыз, содан кейін ⇨ түймесін басыңыз.
 - ❑ Компьютерден басып шығарған кезде: артқы қағаз беру ұясы науасын **Қағ. бастап. көзі** параметрі ретінде таңдаңыз, басқа басып шығару параметрлерін орнатыңыз, содан кейін **Басып шығару** пәрменін басыңыз.
2. Принтердің дайын екендігін көрсететін басқару тақтасында хабар көрсетіліп, одан кейін қағазды жүктеу туралы нұсқау аласыз. Қағазды жүктеу үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Қағазды салу


3. артқы қағаз беру ұяшығының қақпағы ашыңыз.




4. Қағаз тірегін сыртқа сырғытыңыз.



5. Жиек бағыттауыштарын сыртқа жылжытыңыз.



6. артқы қағаз беру ұясы науасының ортасында бір парақ қағазды басып шығаратын бетін жоғары қаратып салып, оны принтердің ішіне шамамен 5 см кіргізіңіз.




Қағазды салу


Ескертпе:

10×15 см (4×6 дюйм) өлшемді қағаз салған кезде, оны қағаз тірегіндегі қағаз өлшемінің индикаторымен туралап, қағазды принтердің ішіне шамамен 5 см салыңыз.

- ❑ Хатқалталар




- ❑ Алдын ала тесілген қағаз




Ескертпе:

- ❑ Жоғарғы және төменгі жағында тіркеу тесіктері жоқ бір қағаз парағын жүктеңіз.
- ❑ Тесіктің үстінен басып шығармау үшін файлдың басып шығару орнын реттеңіз.

7. Жиек бағыттауыштарын қағаздың жиектеріне қарай сырғытыңыз.



8. Басып шығаруды бастау үшін  түймесін басыңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ “Қағазды пайдалану туралы сақтандырулар” бетте 61
- ➔ “Қолжетімді қағаз және сыйымдылықтар” бетте 62

Түпнұсқаларды қою

Түпнұсқаларды қою

Түпнұсқаларды Сканер әйнегі немесе АҚБ құралына қойыңыз. АҚБ құралы қолдамайтын түпнұсқалар үшін Сканер әйнегі пайдаланыңыз.

Бірнеше түпнұсқаны және түпнұсқаның екі жағын да АҚБ құралымен бір уақытта сканерлей аласыз.

ADF үшін қолжетімді түпнұсқалар

Түпнұсқалардың екі жағын автоматты түрде сканерлеу үшін ADF ішіне түпнұсқаларды салыңыз.

Қолжетімді қағаз өлшемдері	A4, Letter, Legal*
Қағаз түрі	Қарапайым қағаз
Қағаздың қалыңдығы (Қағаздың салмағы)	64 – 95 г/м ²
Салу сыйымдылығы	A4, Letter: 30 парақ немесе 3.3 мм Legal: 10 парақ

* Тек бір жақты сканерлеуге қолдау көрсетіледі.

Қағаз кептелісін болдырмау үшін көрсетілген түпнұсқаларды ADF ішіне салмаңыз. Бұл түпнұсқа түрлері үшін Сканер әйнегі пайдаланыңыз.


- Жыртылған, бүктелген, мыжылған, бүлінген немесе иілген түпнұсқалар
- Түптеу тесіктері бар түпнұсқалар
- Таспа, қапсырмалар, қағаз қысқыштар және т.б. арқылы біріктірілген түпнұсқалар
- Бетінде жапсырмалары немесе затбелгілері бар түпнұсқалар
- Тең емес кесілген немесе қисайған түпнұсқалар
- Бекітілген түпнұсқалар
- Жоғарғы проектор қағазы, термиялы басып шығары қағазы немесе көшірме қағаз

Түпнұсқаларды ADF үстіне қою


1. Түпнұсқалардың жиектерін туралаңыз.

Түпнұсқаларды қою


2. ADF кіріс науасын ашыңыз.



3. ADF жиек бағыттаушысын сыртқа жылжытыңыз.




4. Алдымен түпнұсқаларды және қысқа жиекті бетін жоғары қаратып ADF ішіне салып, ADF жиек бағытын түпнұсқалар жиегіне жылжытыңыз.



Түпнұсқаларды қою

! **Маңызды:**

- Түпнұсқаларды ADF бөліміндегі үшбұрыш таңбасы арқылы көрсетілген сызықтан асырып салмаңыз.



- Сканерлеу кезінде түпнұсқаларды қоспаңыз.

Түпнұсқаларды ADF бөліміне 2-лік көшіру үшін салу

Түпнұсқаларды суретте көрсетілген бағытта салып, бағыт параметрін таңдаңыз.

- Кітаптық түпнұсқалар: төменде сипатталғандай басқару тақтасынан **Portrait** опциясын таңдаңыз.

Advanced Settings қойындысы > **Multi-Page** > **2-up** > **Original Orientation** > **Portrait**

Түпнұсқаларды ADF құрылғысына көрсеткі бағыты бойынша қойыңыз.



- Альбомдық түпнұсқалар: төменде сипатталғандай басқару тақтасынан **Landscape** опциясын таңдаңыз.

Advanced Settings қойындысы > **Multi-Page** > **2-up** > **Original Orientation** > **Landscape**

Түпнұсқаларды ADF құрылғысына көрсеткі бағыты бойынша қойыңыз.



Түпнұсқаларды Сканер әйнегі қою

! **Абайлаңыз:**


Құжат қақпағын ашу не жабу кезінде қолыңыздың не саусақтарыңыздың қыстырылып қалмауына мұқият болыңыз. Кері жағдайда, жарақат алуыңыз мүмкін.

Түпнұсқаларды қою

! **Маңызды:**

Кітаптар сияқты үлкен түпнұсқаларды қойғанда сыртқы жарықтың тікелей Сканер әйнегі түсуін болдырмаңыз.


1. Құжат қақпағын ашыңыз.



2. Сканер әйнегі бетіндегі шаңды не дақты жұмсақ, құрғақ, таза шүберекпен кетіріңіз.


Ескертпе:

Сканер әйнегі лас болса, оны қамту үшін сканерлеу аумағы үлкеюі мүмкін, осылайша түпнұсқаның суреті кішіреюі не дұрыс орналаспауы мүмкін.



Түпнұсқаларды қою

3. Түпнұсқаны төмен қаратып қойып, бұрыш белгісіне қарай сырғытыңыз.



Ескертпе:

- ❑ Сканер әйнегі бұрыштарынан 1,5 мм ауқымы сканерленбейді.
- ❑ Түпнұсқалар ADF және Сканер әйнегі үстіне қойылған кезде, басымдық ADF үстіндегі түпнұсқаларға беріледі.

4. Қақпақты ақырындап жабыңыз.

! Маңызды:

Сканер әйнегі немесе құжаттың қақпағына тым қатты күш түсірмеңіз. Кері жағдайда, олар зақымдалуы мүмкін.

5. Сканерлегеннен кейін түпнұсқаларды алып тастаңыз.

Ескертпе:


Егер түпнұсқаларды Сканер әйнегі бетінде ұзақ уақыт қалдырсаңыз, түпнұсқа әйнектің бетіне жабысып қалуы мүмкін.

Әртүрлі түпнұсқаларды орнату әдісі

Көшірмесі жасалатын фотосуреттерді қою

Бөлек көшірмелер жасау үшін, бір уақытта бірнеше фотосурет қоюға болады. Фотосуреттер 30×40 мм-ден үлкен болуы қажет. Фотосуретті Сканер әйнегі құрылғысының бұрыштық белгісінен 5 мм алыс қойыңыз және фотосуреттер арасында 5 мм орын қалдырыңыз. Бір уақытта өлшемдері әртүрлі фотосуреттерді қоюға болады.


Ең көп өлшемі: 10×15 см (4×6 дюйм)



Түпнұсқаларды қою


Көшірмесі жасалатын идентификатор картасын орналастыру

Идентификатор картасын Сканер әйнегі бұрыштық белгісінен 5 мм алыс орналастырыңыз.



CD/DVD дискісін жапсырмалар көшірмесін жасауға орналастыру

CD/DVD дискісін Сканер әйнегі ортасына орналастырыңыз. Егер CD/DVD дискісі нақты ортасына орналастырылмаса, орны автоматты түрде реттеледі.




Бір уақытта сканерлеу үшін бірнеше фотосуретті қою

Epson Scan 2 бөліміндегі **Фотосурет режимі** режимі арқылы бір уақытта бірнеше фотосуретті сканерлеуге және әрбір кескінді сақтауға болады. Фотосуреттерді Сканер әйнегі құрылғының көлденең және тік жиектерінен 4,5 мм алып қойып, оларды бір бірінен кемінде 20 мм аралықта қойыңыз. Фотосуреттер 15 × 15 мм-ден үлкенірек болуы керек.

Түпнұсқаларды қою



Ескертпе:

Алдын ала қарау терезесінің жоғарғы жағындағы **Пиктограмма** ұяшығына белгі қойыңыз.



Жад картасын салу

Қолдау көрсетілетін жад карталары

	<p>miniSD*</p> <p>miniSDHC*</p> <p>microSD*</p> <p>microSDHC*</p> <p>microSDXC*</p>
	<p>SD</p> <p>SDHC</p> <p>SDXC</p>

* Жад картасы ұяшығын сыйдыру үшін адаптерді бекітіңіз. Әйтпесе карта тұрып қалуы мүмкін.

Қатысты ақпарат

➔ ["Қолдау көрсетілетін жад картасының техникалық сипаттамалары" бетте 267](#)

Жад картасын салу және шығару



1. Жад картасын принтерге салыңыз.

Принтер дерекерді оқуды бастайды және жарық жыпылықтайды. Оқу аяқталған кезде жарық жыпылықтауы тоқтап, қосулы қалады.


Жад картасын салу

! Маңызды:

- ❑ Жад картасын принтерге тікелей салыңыз.
- ❑ Карта толығымен кірмеуі қажет. Оны ұяға күштеп салуға әрекет жасамаңыз.



2. Жад картасын пайдалануды аяқтағанда шам жыпылықтап тұрмағанын тексеріңіз, содан кейін картаны шығарыңыз.



! Маңызды:

Егер шам жыпылықтап тұрғанда жад картасын алсаңыз, жад картасындағы деректер жоғалуы мүмкін.

Жад картасын салу

Ескертпе:

Жад картасына компьютерден кірсеңіз, компьютерді пайдаланып құрылғыны қауіпсіз алу керек.

Қатысты ақпарат

➔ [“Жад картасына компьютерден кіру” бетте 273](#)

Басып шығару үшін CD/DVD жүктеу

Басып шығарылатын CD/DVD дискілері

Басып шығаруға үйлесімді, мысалы «жапсырма бетіне басып шығарылады» немесе «сиялы принтерлермен басып шығарылады» деп жазылған дөңгелек 12 см-лік CD/DVD дискіге басып шығаруға болады.

Сондай-ақ Blu-ray Discs™ дискілеріне басып шығаруға болады.

CD/DVD өңдеу алғышарттары

- CD/DVD өңдеу және деректерді жазу бойынша қосымша ақпаратты CD/DVD бірге берілген құжаттамадан қараңыз.
